

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№102 (9164)

1953

ЖЫЛҒЫ

23

май

Сенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

МТС—колхоз өндірісінің тірегі

Партиямыздың XIX съезінің қарарлары социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын өркендетудің аса зор перспективаларын ашты. «Ауылшаруашылық саласындағы басты міндет, — делінген съезд директиваларында, — аадағы уақытта да барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, қоғамдық маалдың санын онан әрі көбейту, сонымен қатар оның өнімділігін едәуір арттыру, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын онан әрі нығайтып, өркендету жолымен егіншілік пен мал шаруашылығының жалпы және товарлы өнімін ұлғайту, ауыл шаруашылығында озат техника мен агрономиялық мәдениетті ендіру негізінде совхоздар мен МТС-тердің жұмысын жақсарту болып қала береді».

Машина-трактор станциялары — колхоздардың егін және мал шаруашылығын барған сайын өркендетіп, оларды ұйымдық шаруашылық жағынан нығайта берудің негізгі қуатты тірегі. Демек, әрбір колхоздың қоғамдық өндірісін, көп салалы шаруашылығын барған сайын өркендетіп, онда барлық дақылдардың шығымдылығын арттыру, қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыра беру, сөйтіп, ауылшаруашылық артелінің қоғамдық байлығын барған сайын молайту көбінесе осы колхозды қамтыйтын машина-трактор станциясының үлгілі жұмыс істеуіне байланысты.

Колхоздар мен машина-трактор станцияларының бір-бірімен қарым-қатынасы, олардың бір-біріне көмек көрсету жөніндегі міндеттемесі бұл шаруашылықтардың арасында жасалған шартта нақтылы көрсетіледі. Ал, МТС пен колхоздың арасында жасалған шарт мұлтіксіз орындалуға тиіс заң болып табылады. Колхоздар мен МТС-тердің арасында жасалған шартта МТС-тің машиналарымен атқарылатын жұмыстардың көлемі мен олар жұмыстарды аяқтау мерзімі, колхоздың өзі атқаратын жұмыстар, екі жақ тарапынан егін шығымдылығын арттыру жөнінде қолданылатын агро-

паркі әлде қайда көп Вильяме атындағы МТС соңғы жылдар бойы өзінің колхоздар алдындағы міндетін тиісті дәрежеде орындай алмай келеді. Бұл МТС өткен жылы жұмыс жоспарын орындай алмады, оның тракторларының жұмыс өнімділігі мүлде кем болды. Бұған қоса, Вильяме атындағы МТС-те өткен жылы трактор жұмыстарының түсер бағасы жоспардағыдан әлде қайта артық бөлумен бірге, ондаған тонна жанармай артық жұмсалып, ысырап болды. Мұның ақыры аталған МТС-тің колхоздармен жасасқан шартта алған міндеттемесін орындай алмауға әкеліп соқты. Сол сияқты, Коновалов МТС-інің директоры Ларионов жолдас МТС-тің колхоздармен жасасқан шартына нөмқұрайды, әшеуіл жасалына салынған формальді документ ретінде қарайды. Ол МТС-тің колхоз алдындағы борышын аброймен орындауы үшін тиісті шара қолданбайды. Бұл МТС-тің қамтуындағы колхоздарда істейтін тракторлардың жұмысын нашар ұйымдастырылуы салдарынан оларда быйыағы көктемгі егістің әлі күнге дейін аяқталмай отырғандығы, тіпті МТС қамтуындағы колхоздардың бұл жұмыста мүлде артта қалғандығы бұл пікірімізге толық дәлел болады. Мұнымен ғана тынбай, Ларионов жолдас МТС-тің колхоздар үшін істемеген жұмысын есенке қосып, көзбояушылыққа, мемлекетті алдау жолына салынып жүр. Мұндай МТС басшысынан машина-трактор станциясының колхоздармен жасасқан шартта алынған міндеттемені орындауды қамтамасыз етеді деп үміттенуге бола ма?!

Сол сияқты, Сартомар, Образцовая, Торангул, Семиполка, Ворошилов атындағы МТС-тер де колхоздармен жасасқан шартта алған міндеттемелерін мұлтіксіз орындау жолындағы күресті мейлінше қанағаттанғысыз жүргізіп келеді.

Бұдан былайғы жерде мұндай өрескел кемшіліктерге төзуге болмайды. МТС-тер мен колхоздар шартта алынған міндеттемені орындауда қай тараптан болса да жол

МТС-тердің жұмысын мейлінше жақсартып берейік



С. НИЯЗБЕКОВ,

облыстық партия комитетінің секретары



Бірінші дәрежелі техникасы және көп теген маман кадрлары бар машина-трактор станциялары колхоз өндірісіндегі шешуші күш болып табылады. Ауыл шаруашылығын онан сайын өркендету жөнінде үнемі қамқорлық жасай отырып, үкметіміз МТС-тің материалдық-техникалық базасын жылдан-жылға нығайтуда, оларды жаңа қуатты машиналармен толықтыруда, қосалқы бөлшектермен, жанар және жағар майлармен жабдықтауда, ауылшаруашылық техникасының толық қуатымен пайдаланылуы үшін толық жағдай жасауда.

Облысымыздың машина-трактор станциялары Совет мемлекеті көрсетіп отырған зор көмектің арқасында едәуір нығайды. Соғысқа дейінгі дәуірмен салыстырғанда 1952 жылы МТС-тердің трактор паркi 57,5 процент, комбайн паркi 66 процент артты. Мұның өзі трактор жұмыстарының көлемін 56,6 процент ұлғайтуға, егіс көлемін кеңейтуге, жер шаруашылығының мәдениетін, егін шығымдылығын және астықтың жалпы өнімін арттыруға мүмкіншілік туғызды. 1952 жылы колхоздардың егіс көлемі 1940 жылғымен салыстырғанда 44 процент, астықтың жалпы өнімі 1947 жылғыдан 60 процент артты.

Бірақ, қол жеткенге тоқмейілеу, кемшіліктерді көрмеу өрескел қателескендік болар еді. Ал, мұндай кемшіліктер МТС-тердің жұмысында, сол сияқты, олардың ісіне басшылық етуде орын алып келеді. Қазақстан ҚН Орталық Комитетінің III пленумы әлі де болса көптеген МТС-тердің ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыру, қоғамдық мал басын көбейту және оның өнімділігін арттыру жөнінде алдарына қойылған міндеттерді орындай алмай келе жатқандығын атап көрсетті.

1952 жылдың жұмыс қорытындылары біздің облысымыздың МТС-терінде техниканың нашар пайдаланылатындығын айқын дәлелдейді. 31 МТС-тің ішінен 22 МТС трактор жұмыстарының жоспарын орындай алмады. Олар пар және зябь жұртудың мемлекеттік жоспарын небары 61,9 процент қана орындады. Соның сал-

табысқа жетуінің сыры трактор және комбайн агрегаттарында еңбекті дұрыс ұйымдастыруда екенін көрсетіп отыр. Алдыңғы қатарлы трактор бригадаларында механизаторлар өздерінің техникалық білімдерін арттыруда. Бригаданың әрбір мүшесі өзіне сеніп тапсырылған техникаға ұқыптылықпен қарайды, техникалық күтімнің уақытын және машиналарды пайдалану ережесін бұлжытпай сақтайды, жақсы әдістерді үнемі қолданады. Сөйтіп, колхозшылар мен механизаторлардың ынтаямдасуы жұмыс істеуі, дұрыс жолға қойылған партия-саяси жұмыстары олардың жақсы жұмыс істеуіне жағдай туғызады.

МТС басшылары, партия ұйымдары, совет және ауылшаруашылық орындары алдыңғы қатарлы трактор бригадалары мен жекелеген механизаторлардың тәжірибелерін кең таратуға тиіс. Сонымен қатар МТС-тердің жұмысын жақсарту үшін ең алдымен барлық трактор бригадаларын кадрлармен мейлінше нығайту, олардың құрамының тұрақсыздануын жою, механизаторларға қолайлы мәдени-тұрмыстық жағдайлар жасау жөнінде үнемі қамқорлық жасап отыру керек.

Көптеген МТС-терде әлі күнге дейін гектардың есебімен әуестену сияқты зиянды практика жойылған жоқ. Мұның өзі ауылшаруашылық жұмыстарының еңбекті көп керек ететін түрлері бойынша жоспардың орындалуына зиян келтіреді. Егер 1952 жылы облыс МТС-тері жұмсақ жерге айналдырғанда трактор жұмыстарының жоспарын 95,3 процент орындаса, пар жұртуды жөніндегі жоспар 92 процент, парды культивациялау — 21, күздік себу — 78, зябь жұртуды — 46 процент қана орындалды. Жұмыстың барлық түрлері бойынша жоспарлы тапсырманы бірде-бір МТС орындаған жоқ.

Біздің МТС-теріміз терең жұртуды, дәнді дақылдарды тоғыспалы және тарқатарлы әдістермен себу сияқты озат агротехникалық әдістерді нашар қолданады. Бұл шаралар жөніндегі жоспарлы тапсырмалар өткен жылы 30—40 процент шамасында ғана орындалды. Чапаев атындағы, Семиполка және Ново-Георгиев МТС-тері бірде-бір гектар жерді терең жұртқан емес. Ленин атындағы, Коновалов және Сартомар МТС-терінде тоғыспалы әдіспен себу жөніндегі тағайындалған тапсырмалар 2—7 процент қана орындалды. Аталған МТС-тердің директорлары мен бас агрономдары әлі бұрынғыша жұмыс істейді, агрономия ғылымы мен озат тәжірибенің прогрессивтік әдістерін жеткілікті енгізбейді.

Ғылым ұсынған, практикада сыналған озат әдістерді белсене қолдану керек. Облыстық ауылшаруашылық басқармасы, аудандық партия, совет орындары быйылғы көктемде агротехникалық барлық шаралар бойынша жоспарлы тапсырмалардың орындалуына қатаң бақылау жасаулары керек.

Сайын келгенде көктемгі егістің мерзімі егіннің тағдырын шешеді. Осы кездегі агротехниканың ең жетілдірілген әдістерін қолдану ол егісті мейлінше қысқа мерзімде өткізу ісімен ұштастырылса ғана жақсы нәтижелер бере алады.

Алайда, облыстың көптеген аудандарында егіс мейлінше баяу қарқынмен өткізілуде. 20 майға дейін егіс жоспары 79,5 процент қана орындалды. Май айында бірде-бір аудан егіс жұмыстары жөніндегі бескүнлік тапсырманы орындаған жоқ. Әресе, Мамлют, Октябрь, Преслов аудандарының МТС-тері мен колхоздары егісті нашар жүргізіп, бүкіл облысты кейін тартуда.

Көктемгі егіс жұмыстары қарқынының

шөп шабу машиналары мен шөп турағыштарды жөндеуді аяқтау үшін, сүйретпелер мен шөмелегіштерді дайындау үшін, шөпті шөмелеу және майлау жұмысын мейлінше механикаландыру, шөп жыйнау жұмыстарының жұмыс жоспарын жасау үшін нақтылы шаралар қолдану қажет.

Үстіміздегі жылы шөптің жақсы өсуі шөп жыйнауды ерте бастауға мүмкіншілік береді. Барлық колхоздарда 25 майдан көшікпей іріктеп шөп шабуға, ал, 1 пәннен бастап шөпті жаппай жыйнауға кірісу керек.

Жемшөп базасын түпкілікті нығайту үшін табиғи шабындықтар алаңын ұлғайтумен қатар, талудағы жылдарда егістік және жемшөптік ауыспалы егісті меңгеру, біржылдық және көпжылдық, сұрленетін, жемшөптік дақылдар егісін, сол сияқты, жеміс тамыры жемшөптер егісін ұлғайту қажет.

Әрбір істің табысты болуын адамдар, кадрлар шешеді, машина-трактор станцияларын техниканы меңгерген кадрларды нығайту ісіне партия, совет, ауылшаруашылық органдары және МТС басшылары үнемі қамқорлық жасауға тиіс. Алайда, облыс МТС-терінде кадрларды іріктеу, орналастыру және даярлау өскелең талаптарға жауап бермейді. Әлі күнге дейін басшы кадрлар мен мамандардың білім дәрежелері төмен, МТС директорларының 19,3 процентінің ғана арнаулы жоғары дәрежелі білімі бар. Директорлардың 50 процентке жуығының орта дәрежелі білімі де жоқ, сол сияқты, МТС директорларының саяси жұмыс жөніндегі

орынбасарларының, участоктік агрономдар мен механиктердің көпшілігінің орта білімі жоқ. Тек 1952 жылы және үстіміздегі жылдың үш айында бас инженерлер мен бас агрономдардың жартысына жуығы ауысты. Чапаев атындағы МТС-те соңғы екі жылда 4 бас агроном, Калинин атындағы МТС-те өткен 10 айдың ішінде 2 бас агроном ауыстырылды.

Механизатор кадрларды даярлау және қайта даярлау ісі мейлінше нашар болып

Колхоз бен МТС арасында жасалған шарттың ауыл шаруашылығы жаңа талаптарға сай өркендете беру жөнінде зор ұйымдастырушылық маңызы бар. Шартта алынған міндеттемені мүлтіксіз орындау жолындағы күресте МТС механикаторлары мен колхозшылар еңбек өнімділігін арттырады. МТС дирекциясы мен колхоз басқармасының ауылшаруашылық жұмыстарын жүргізуге жауапкершілігі артады. Аталған шартта жұмыстың сапасы да көрсетілетіндігі мәлім. Олай болса, шартта алынған міндеттемені орындау жұмыс сапасының жақсара беруін қамтамасыз ететіндігі сөзсіз.

Колхоз бен МТС арасында жасалған шарт мүлтіксіз орындалуға тиіс заң болып табылады дедік. Бұл қағиданы жете түсініп, елеулі табыстарға ие болған МТС-теріміз бен колхоздарымыз аз емес. Бұл жөнінде Интернационал МТС-нің (директоры Горохов жолдас) жұмысын мысалға алуға болады. Бұл МТС өткен жылы жұмыс жосарын 109 процент орындап, 15 аттың күші бар әрбір трактормен 530 гектар жер жұмыстады, 27 тонна жанармай үнемдеді. Мұнымен бірге, әрбір гектар жерді жұмыстаудың түсер бағасын жоспардағыдан арттырған жоқ. Сол сияқты, аталған МТС өзі қамтытын колхоздарда ауылшаруашылық жұмыстарының негізінен кезінде және сапалы жүргізілуін қамтамасыз етті. Сөйтіп, Интернационал МТС-нің механикаторлары өз қамтуындағы колхоздармен жасасқан шартта алған міндеттемені мүлтіксіз орындауда.

Алайда, облысымызда колхоздармен жасасқан шартта алынған міндеттемелердің ойдағыдай орындалуын қамтамасыз ету жолында жеткілікті дәрежеде күрес жүргізбейтін МТС басшылары да жоқ емес. Жоғарыда аталған Интернационал МТС-і мен бір жағдайдағы және одан трактор

баратын кешініктерді өткізіліп отыруға, ол кешіліктерді жою үшін шешуші шаралар қолдануға міндетті. Ауылшаруашылық орындары колхоздар мен МТС-тер арасында жасалған шарттардың мүлтіксіз орындалуын үнемі бақылап отыруға тиіс. Шартта көрсетілген міндеттемені орындамаудың бірде-бір фактісі байқалмай қалуға тиіс емес. Сонымен бірге, колхоздар мен МТС-тердің арасында жасалған шарттың орындалуы машина-трактор станцияларының Совет мәжілістерінде және колхоз басқармаларының, сол сияқты, аудандық партия комитеттерінің бюро мәжілістері мен Совет атқару комитеттерінің мәжілістерінде жиі талқылануға тиіс.

ККП Орталық Комитетінің III пленумы партия, совет ұйымдарын, ауылшаруашылық органдарын, машина-трактор станцияларының директорлары мен олардың саяси жұмыс жөніндегі орынбасарларын «МТС-тердің... колхоздармен шарт жасауына және шарттың бөлінбес бөлегі болып табылатын қосымша келісімдер жасауына формальді тұрғыдан қараушылыққа шек қоюға, олардың орындалуына күнделікті бақылау орнатып, шарттардың орындалуындағы кемшіліктерді өзара бүркемелеу фактілеріне жол бермеуге, сөйтіп, шартты міндеттемелердің орындалуы үшін МТС... және колхоз басшыларының жауапкершілігін арттыруға» міндеттеді.

ККП Орталық Комитетінің III пленумының бұл нұсқауын басшылыққа ала отырып, МТС-тердің колхоздармен жасасқан шартының мүлтіксіз орындалуына жетісуіміз керек. Өйткені, колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта беру ісі колхоз өндірісінің тірегі — МТС-тердің үлгілі жұмыс істеуіне, ал, МТС-тердің жұмысын жақсарту олардың колхоздармен жасасқан шартта алған міндеттемелерін мүлтіксіз орындауына байланысты.



Ленинград. Аничков көпірі мен Нева проспектісінің көрінісі. (СОТА-ның фотохроникасы).

дардың басым көпшілігін көктемде жыртылатын жерге себуге тура келді. Оның үстіне жанар май және қаржы мейлінше көп артық жұмсалды, трактор жұмыстарының бір гектарының өзіндік құны жоспардағыдан 92-тің артып түсті.

Машина-трактор станциялары жұмысының мұна қанағаттанғысыз болу себебі неде?

Ең басты себептердің бірі — машина-трактор паркін жоғары өнімді пайдалану жолында нақтылы күрестің болмаушылығынан. Өткен жылы техникалық жарамсыздықтан, жанар маймен жабықтауға үйлістерге жол беруінен және басқа себептерден машиналар жұмыс уақытының 39 процентін босқа өткізді.

МТС-тердің кейбір парқысыз басшылары мен бас инженерлері трактор паркін әзірлеуге жауапсыз қарайды.

Техникалық күтімді уақытында өткізу машиналарды дұрыс пайдаланудың қажетті шарты болып табылады. Алайда, көптеген МТС-тердің директорлары мен механиктері бұл іске жете көңіл бөлмейді. Техникалық күтім жүргізудің тәртіптері жиі бұрмаланады, мұның өзі жаннай ақаулар кездесуіне, сәтсіздіктерге ұшырауға, машиналардың мерзімінен бұрын тозуына және олардың өнімділігін төмендетуге әкеліп соғады. Өткен жылы әрбір 15 аттың күші бар трактордың сменалық еңбек өнімділігі май айында 2,6 гектар, июльде 1,3 гектар, ал, октябрьде 0,7 гектар ғана болды.

Өзіндік шаруашылық ретінде трактор бригадаларын нығайту МТС-тердің ойдағыдай жұмыс істеуінің маңызды шарты болып табылады. Солай бола тұрса да, бұл мәселеге барлық жерде бірдей ерекше көңіл бөлінбейтіндігін мойындау керек. Бригадаларды дұрыс іріктемеу, олардың құрамының тұрақтандырылмауы, трактор және егіс бригадаларының ынтымақтас жұмыс істеуінің машиналардың өнімді пайдаланылуына нұқсан келтіреді. Тракторшылар мен тіркеушілерді екі смена бойына жұмыс істеу үшін тұрақты етіп іріктеп алмау салдарынан тракторлардың толық бойынша босқа тұруы да жиі кездеседі. Көктемгі егісті өткізілгеннен кейін кейбір трактор бригадалары әдетте тарап кетеді, кезектегі ауылшаруашылық жұмыстарын дейін ұзақ мерзімді үзіліске жол беріледі.

Облыс МТС-тері бұл кемшіліктерге жол бермей, трактор паркінің өнімділігін едәуір жоғары көтеріп, колхоздармен жасасқан шартты міндеттемелердің тағайындалған агротехникалық тұжырымалы мерзімде орындалуын қамтамасыз ете алар еді. Таңдаулы трактор бригадаларының жұмыстары мұны айқын дәлелдейді.

1952 жылы жылдық жоспарды артығымен орындаған трактор бригадаларының саны 40-тан асты. 25 бригада әрбір 15 аттың күші бар трактормен жұмсақ жерге айналдырғанда 600 гектардан 700 гектарға дейін, ал, 15 трактор бригадасы 700 гектардан 924 гектарға дейін жер жұмыстады. Озаттардың тәжірибесін зерттеу олардың

шартта белгіленген агротехникалық мерзімдерде орындау жайы бұдан да нашар. Мұның өзі колхоздар мен МТС-тер арасында жасасқан шарттарды жүзеге асыру ісін елеушіліктегі салдары болып табылады. Шарттар әлі күнге дейін МТС-тер тарапынан, сол сияқты, колхоз басқармалары тарапынан да жоспарды агротехникалық қолайлы мерзімдерде орындау күресінің құралы болмай отыр. Шарттар әлі күнге дейін егіншілік мәдениетін арттыру, ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу күресінің құралы болмай келеді. Өткен жылы облыстың МТС-тері өздерінің колхоздармен жасасқан шарттарында алған міндеттемелерін орындамады.

МТС директорларының саяси жұмыс жөніндегі орынбасарлары МТС-тердің колхоздармен жасасқан шарттарының осылай өрескел бұрмаланылуына көріне-көзге жол берді. Мұндай жағдайға облыстық ауылшаруашылық басқармасы, аудандық партия комитеттері мен аудандық Совет атқомдері де тиісті дәрежеде көңіл бөлмейді.

Мұндай зиянды практика сайын келгенде істің барысына нұқсан келтіреді, егіншіліктің басты міндеті — барлық ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыру жөніндегі міндеттерді шешуге зыянын тигізеді. Бұл жөнінде Шағлы МТС-нің жұмысы мысал бола алады. Бұл МТС трактор жұмыстарының жоспарын орындау және әрбір трактор бойынша жоспарды орындау жөнінде облыстағы алдыңғы қатарлы орындардың біріне ие болып отыр. Бірақ, егін өнімін арттыру жоспарын жылдан-жылға орындамайды. Мәселе станцияның егінді көктемге жыртылған жерге егуінде болып отыр, ол көктемде жерді өңдеуді нашар өткізеді, егіс мерзімін ұзаққа созады.

Жоғары өнім — МТС жұмысын бағалаудағы негізгі көрсеткіш. Сондықтан МТС-тердің барлық механикаторлары мен мамандары трактор жұмыстарының жоспарын жалпылап орындау үшін емес, оны жұмыстың барлық түрінен және тағайындалған мерзімде, тиісті агротехникалық дәрежеде орындау үшін күресулері керек.

Мол өнім үшін күресте агротехникалық шараларды комплексті түрде енгізудің ерекше зор маңызы бар. Егісті мейлінше қысқа мерзімде өткізу — агротехниканың аса маңызды талаптарының бірі. «Егісті мерзімінде өткізу ең маңызды агротехникалық фактор» — дейді академик Трофим Денисович Лысенко. Біз егіс мерзімін 10—15 жұмыс күніне қысқарту үшін пар жыртыуды 10 июльге дейін аяқтауға және 1954 жылдан бастап дәнді дақылдарды тек дайын жерлерге орналастыруға жетісуіміз керек.

Сонымен қатар жерді өңдеуді шұғыл жақсарту керек. Әресе жер жыртыуға, онда қосымша түрлендерді қолдануға ерекше көңіл аудару керек. Өйткені академик Вильямстың айтқанындай, бұл іс «асырып айтпағанның өзінде советтік революциялық агрономияның аса маңызды міндеті болып саналады».

және ауылшаруашылық органдары тарапынан егіс науқанына қанағаттанғысыз басшылық жасалуынан деп-білуіміз керек. Көптеген МТС-тер мен колхоздарда жұмыста қажетті қарқын туғызмай отыр. Техникалық және ұйымдастыру кемшіліктері салдарынан машина-трактор паркінің босқа тұрушылығы көп кездеседі.

Облыс партия ұйымдары егістің барысында кездескен кемшіліктерді мейлінше тез жойып, барлық колхоздарда егістің 25 майдан кешіктірілмей аяқталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Шаруашылық табыстар, олардың тұрақтылығы және ұзақ мерзімге созылуы партия-ұйымдық, партия-саяси жұмыстардың табысты болуына тікелей байланысты. Өйткені шаруашылықты саясаттан бөлуге болмайды. Партия ұйымдары механикаторлар арасында саяси-бұқаралық жұмысты өрістетуге тиіс. Бұл істе МТС директорларының саяси жұмыс жөніндегі орынбасарлары зор роль атқарады. Олар партия мен үкметтің директиваларын үнемі түсіндіріп отыруға, адамдардың социалистік саналылығын арттыруға, олардың арасында мемлекеттік тапсырмалары мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты ұйымдастыруға міндетті. Механикаторлар арасындағы саяси-тәрбие жұмысын негізінен жақсарту ісімен барлық аудандық партия комитеттері шұғылданатын болуы керек.

Партияның XIX съезі қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде МТС-тердің ролін арттыруды талап етті. Механикаторлар мал басын көбейту және оның өнімділігін арттыру жөнінде колхоздарға үнемі көмектесуге, мал шаруашылығы саласындағы басты міндетті жүзеге асыру жөнінде көмектесуге міндетті.

Партия мен үкметтің мал шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде алға қойған міндеттерінің ойдағыдай орындалуы едәуір дәрежеде МТС-тердің жақсы жұмыс істеуіне, олардың мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруды қамтамасыз етуіне байланысты.

Үстіміздегі жылы жай және құнарлы азық дайындау жоспарының орындалуын қамтамасыз етіп қана қоймай, оның үстіне кемінде біржарым жылдық қор жасауына жетісу керек. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін таяудағы күндерде шөп шабу жұмыстарына әзірлікті аяқтау керек. Солай бола тұрса да көптеген аудандардың, колхоздар мен МТС-тердің басшыларының өткен қыстың қиыншылықтарын ұмытқанын, шөп шабу машиналарын нашар дайындап жатқанын атап айта кеткен жөн.

Облыстық ауылшаруашылық басқармасының бастығы Омеляненко жолдас, аудандық партия комитеттерінің секретарьлары мен аудандық Совет атқомдерінің председателдері МТС-тер мен колхоздардың шөп шабуға әзірлігіне тиісті бақылау жасамайды, таяудағы уақытта барлық

шөп МТС-терде 100 трактордың, комбайншы және шөп машиналарының 240 машинисі жетпейді. Әресе, Совет, Сартомар, Тимирязев, Боновалов МТС-терінде механикатор кадрлары көптеп жетпейді. Осыған қарамастан МТС директорлары мен олар қамтытын колхоздардың басшылары кадрларды даярлауға және қайта даярлауға жете көңіл бөлмей келеді.

Партия ұйымдары кадрларды іріктеу, орналастыру және даярлау ісін жақсартумен қатар кадрларға саяси тәрбие беру, партиялық және мемлекеттік тәртіпті нығайту мәселесіне үнемі назар аударулары керек. Бұл, әресе, қазіргі жағдайда, МТС-тердің басшы қызметкерлерінің кейбір бөлегінде осы күнге дейін партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұрмалаушылық, артық мәлімет беру арқылы мемлекетті алдау сияқты фактілер жойылмай отырған кезде өте-мөте қажет.

МТС-терде партия мен үкметтің қарарларын орындауға жауапсыз қарайтын қызметкерлер де жоқ емес. Мәселен, Вильям атындағы, Полудень және Петропавл МТС-терінің директорлары Серебрянский, Кравцун және Любарь жолдасстар Қазақстан ККП Орталық Комитеті II пленумының колхоздарда мал азығын дайындауды ұйымдастыру жөніндегі қаулысын жүзеге асыруға мейлінше жауапсыз қарап келді.

Мемлекет мүддесіне жауапсыз қарау мемлекет қаржысын жұмсау ісінде де кездеседі.

Мұндай жолсыздықтарды мүлдем жойып, МТС қызметкерлерінің партиялық және мемлекеттік тәртіпті сақтау жөніндегі жауапкершілігін арттыру қажет.

Партияның XIX съезінде Маленков жолдас былай деп атап көрсетті: «Партия мен үкметтің қарарларына формальді қарау, ол қарарларды орындауға сәлқос қарау мейлінше аяусыз жою керек болатын кемшіліктер болып табылады. Партияға керекті өздерінің жеке басының тыныштығын жұмыстың мүдделерінен артық көретін қатып, сенген, немқұрайды чиновниктер емес, қайта мемлекеттің мүдделерін бәрінен де жоғары санайтын, партия мен үкметтің директиваларын орындау жолында күресетін қажымас және жанқияр жауынгерлер».

Мемлекеттік ірі кәсіпорны ретінде МТС-тердің алдына үлкен және жауапты міндеттер қойылып отыр. Машина-трактор станцияларының жұмысын жақсарту, колхоз өндірісінің барлық саласындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөніндегі олардың жұмысын ұлғайту, ауылшаруашылық дақылдарының өнімін және мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жөніндегі жоспардың орындалуына жауапкершілігін арттыру үшін барлық шаралар қолданылуға тиіс,

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Колхоз үгітшісі

Түн ортасы. Колхозды ауыл түнгі тыныштық құшағына енген. Тек ауыл ортасындағы бір үйдің ғана шамы әлі сөнбей, маздап жанып тұр. Бұл үйде қараторы жас жігіт ұзақ түн бойы кітап пен газетке үйленген күйі отыр.

Бұл — Молотов атындағы колхоздың № 2 бригадасындағы жетіжылдық мектептің оқытушысы, комсомол ұйымының секретары Қазбек Зағыпаров. Ол — үгітші, әдеттегі қалпымен механизаторлар арасындағы кезекті әңгімесіне әзірленіп отыр.

Қазбек күндіз мектепте оқу аяқтағаннан кейін колхоз конторында болып кеш қайтқан-ды. Онда ол колхоз председатели Жұнысов, партия ұйымының секретары Мұқанов жолдастармен әңгімелесіп, егіс жұмыстарының барысы және алдағы міндеттер жөнінде пікір алмаған. Ол үшүнің байламы — көктемгі дала жұмыстарын ұйымдастырудағы кемшіліктерді дереу жою, саяси үгіттің барлық әсерін осы мақсатқа арнау болды. Міне, сондықтан да Қазбек түн ортасы атуанша тынымсыз жұмыс істеп, ертеңгі өткізілетін әңгімесін мазмұнды ұйымдастырудың түрлері мен әдістерін іздестіруге.

Ол — тәжірибелі үгітші. Қазбек саяси үгіттің сан алуан түрлері мен әдістерін біледі. Үгітші ертеңгі әңгімесін Қазақстан КП Орталық Комитетінің IV пленумының қаулысының жүзеге асырылуы және «Социалистік Қазақстан» газетінің 6 майдағы «Солтүстік-шығыс облыстарда егістің шешуші кезеңі» деген бамақаласы жөнінде өткізуді ұйғарды.

Таңертең біз үгітшімен бірге, егіс бағына бет алдық. Ауыл маңындағы шілік-тің алқабынан шыға бергенде Жолдыөзек даласының жазығында моторлары тынымсыз гүріздеген тракторлардың бір тобы көрінді.

— Мына көрінген біздің колхоздағы Совет МТС-нің № 6 трактор бригадасының тракторлары, — деді бригаданың жұмысына риза болғандай болып Қазбек.

Үгітші қос басында трактор бригадасының бригадирі Екимов жолдасымен біраз әңгімелесіп, тракторшылардың түнгі сменанадағы жұмыс нәтижелерін білді. Бригадир бригаданың бір жұппен кейін көктемгі дала жұмыстары жөніндегі тапсырманы орындайтынын қуанышпен хабарлап, үгітшіден өздері социалистік жарысқа ұштасқан № 5 трактор бригадасының жұмысын сұрап білді.

Түскі үзіліс кезінде үгітші механизаторлармен әңгіме өткізді. Қазбек алдымен «Социалистік Қазақстанның» бамақаласын оқып шықты. Мұнан кейін ол партия мен үкметіміздің шақыруына қажыр-

аз емес. Мәселен, сіздің бригада ертең көктемгі егісті аяқтағалы отыр. Тракторшы Бәжікенов жолдас «СХТЗ» тракторымен әрбір сменада 18 гектар орнына 20—25 гектар жерге тұқым сеуіп, көп жанармай үнемдеді. Тракторшылар Тілеубергенов, Мұхамеджанов және басқа жолдастар да өткен жылға қарағанда былай жоғарғы көрсеткішке ие болды. Бірақ, мұның бәрінен біздің жұмысымызда кемшіліктер жоқ деген ұғым тұмайды.

Кейбір тракторшылар тракторларды техникалық күту жөніндегі ережені қатаң сақтамайды, жанар және жағар майларының үнемделіп жұмсалыуына жетісе алмай келеді. Осы себепті Рабуллиннің куәлті «С—80» тракторы тәулік бойы жұмысқа қосылмай бос тұрды. Бүгін тракторшы Дәулетше Жәмәлиев жолдас аңыз үстінде өз тракторымен жарты сағат тоқтап тұрды. Егер осы және басқа кемшіліктер болмаса, бригада көктемгі егіс жұмыстарын анағұрлым ерте аяқтаған болар еді.

— Алдағы міндет бүгін-ертең, — деді үгітші, — көктемгі егіс жұмыстарының жоспарын толық орындап, № 5 трактор бригадасының жұмысы тезінен аяқталуына нақтылы іспен көмек көрсету болып табылады. Социалистік жарыстың мақсаты — артта қалғандарды алдыңғы қатарлылардың қатарына қосу. Сіздер № 5 бригаданы қарағанда өнімді жұмыс істедіңіздер. Сондықтан № 5 трактор бригадасының мүшелеріне өздеріңіздің өзгерткіштеріңізді кеңінен тарату арқылы жалпы өрлеу туғызу, сөйтіп, жалпы колхоз бойынша таяудағы бірер күнде көктемгі егісті толық аяқтау қажет.

Үгітшінің әңгімесінен кейін механизаторлар мен бригаданы қамтытын колхозшылар бірінен соң бірі сөз сөйлеп, өзар пікір алды. Жұмыста кездескен кемшіліктерді сынады, ол кемшіліктерді жою жөнінде бағалы ұсыныстар жасады. Үгітші мұның бәрін зор ықыласпен тыңдап, өзінің қойын дәптеріне жазып алып отырды.

— Үгітші айтқандай, біздің бригада, — деп бастады сөзін бригадир Екимов жолдас, — біраз табыстарға ие болды. Бірақ, бұған масаттануға болмайды. Біз әрбір механизатордың социалистік жарыста алған міндеттемелерінің дәрежесінде жұмыс істеуіне жетісе алғанымыз жоқ. Колхоз басқармасы тракторлар жүріп келе жатқанда оны тоқтатпастан сеялқаға тұқым салуды, тракторларды жанар, жағармаймен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ете алмай келеді. Бұл кемшіліктерді жою керек.

Мұнан кейін тракторшы Бәжікенов, тіркеуші Жубатова және басқа жолдастар

Саяси үгітті әсерлі ұйымдастыру керек

«Трудовик» колхозының (Октябрь ауданы) егіс бригадасында бірінші рет болған адамға саяси үгіттің дәрежесі төмен сыяқты көрінбейді. Мәдени қостарда жауынгерлік листовктер, ұрандар бар. Үгітшілердің бірсыпырасы кезінде тиісті тақырыпта әңгімелер өткізіп жүргенге ұқсайды.

Бірақ, іетін жайымен терең танысын көрсетіп, саяси үгіттің мазмұны мен дәрежесі төмен екенін бірден-ақ байқауға болады. Үгітшілер өздерінің әңгімелерін егіншілердің алдында тұрған міндеттермен байланыстырмайды. Сондықтан бірінші және екінші бригадалардың мүшелері күндік және бескүндік тапсырмаларды, олардың орындалуын білмейді. Шығарылған жауынгерлік листовктерда бригаданың өмірі толық көрсетілмейді. Мәселен, бірінші бригаданың 9 май күні шығарылған жауынгерлік листовкте небары бір-ақ мақала жазылған. Онда тек жоғары еңбек өнімділігі және табыстар жөнінде сөз болады. Бұл шындыққа жанаспайды. Өйткені, май айының екінші бескүндігінде бригаданың механизаторлар мен колхозшылардың көпшілігі, сондай-ақ бригада тапсырмаларды орындай алмаған.

Егіншілер арасындағы саяси үгіттің дәрежесі төмен болуы бастауыш партия ұйымының, оның секретары Дундукон жолдасының партиялық жұмыстың бұл участогіне жете көңіл бөлмейтіндігін көрсетеді. Партия ұйымы саяси үгіттің әсерлі болуына жетісуі қажет.

Қ. АМАНТАЕВ.

Немкетті қарауға болмайды

Аманкелді атындағы колхоздың (Ленин ауданы) Жарғайың және Өршек бригадаларындағы партия тарихын үйренетін негізгі типті үйірмелерде партия оқуы уақытылы өтін тұрмайды. Насихатшылар Сыздықов және Анафина жолдастар сабаққа дайындықсыз келетін болған. Олар партияның XIX съезінің қарарлары жөнінде тыңдаушыларға кең түсінік берудің орнына, тек кітапшаларды оқып шығумен тынады. Сол сыяқты, коммунистер Төлеубергенов, Бөгенбаев, Рамазанов, Нұрғалиев жолдастар соңғы кезде сабаққа қатыспап жүр.

Көзір селолық жерлерде партия оқуы жүрісінде оқу жылын аяқтауға әзірлік басталды. Сондықтан партия ұйымы, оның секретары Жақыпов жолдас және насихатшылар партия оқуын ұйымдастырудағы орын алған кемшіліктерді дереу жойып, қосымша сабақ өткізу арқылы тыңдаушы-

Оқушылардың жазғы демалысы

Оқу жылын табысты аяқтағаннан кейін оқушыларымыз жазғы демалысқа шығады. Оқушылардың жазғы демалысын ойдағыдай ұйымдастырып, олардың көңілді дем алуын қамтамасыз ету біздің елімізде салтқа айналды. Коммунистік партия мен Совет Үкметі оқушылардың ойдағыдай дем алып, дені сау, шыныққан, жайдары болып өсуі үшін күнбе-күн қамқорлық жасап отырады. Миллиондаған балалар жыл сайын пионер лагерлерінде дем алады, туған өлкеге саяхат жасап, өз жерінің табиғат байлығымен, өнеркәсіп орындарымен, ауылшаруашылық артелдерінің алуан түрлі жұмыстарымен танысады. Теориялық білімінің практикада қалай пайдаланатындығын көреді.

Өткен жылы облысымыздағы 26 пионер лагерінде 4381 оқушы дем алды. Мұның ішінде 250 пионер «Жас гвардия» атындағы балалар бақшасында ұйымдастырылған қалалық пионер лагерінде тынықты. Мұғалімдердің және аға пионер вожатыйларының басшылығымен облыс бойынша жазғы демалыс күндерінде 40-тан астам жорық өткізілді. Оған 1400 пионер, 550 оқушы, 20-дан астам пионер отрядтары қатысты. Олар Петропавл қаласында болып, оның екі жүз жылдан бергі тарихымен танысты. Екі мыңнан артық оқушы туған өлкеге саяхат жасады.

Соколов ауданындағы Соколов орта мектебінің 25 оқушысы 10 күндік жорыққа шықты. Олар қашықтығы 100 километр жерді аралады. Жорыққа қатысушылар Петропавл қаласында, Пресновка, Соколовка селоларында, Сталин атындағы колхозда (Петропавл ауданы) және басқа жерлерде болды. Ал, Мамлют асыл тұқымды мал совхозында балалар механикандырылған ферманы, аспалы жолды көріп, сыйыр сауатын электр агрегатымен танысты.

Петропавл қаласында болған күндерінде олар өнеркәсіп орындарына, облыстық музейге, жас натуралистер станциясына, циркке барды.

Совет ауданындағы жетіжылдық мектептердің оқушылары Вурабай курортында болып, ондағы тарихи жерлермен танысты. Қала мектептерінің 20-дан ас-

там оқу отличниктері Алматы қаласына экскурсияға барып қайтты.

Алайда, өткен жылы оқушылар мен пионерлердің жазғы демалысын ұйымдастырып, оны өткізуде бірқатар кемшіліктер де болды. Мамлют, Полудень, Конюхов аудандарында пионер лагерлері кешігіп ашылды. Кейбір пионер лагерлеріндегі пионерлермен жүргізілетін жұмыс өз дәрежесінде болмады. Облыстың көптеген мектептерінде, әсіресе, бастауыш мектептерде ауыл мен селода қалып дем алатын оқушылар арасында ешқандай жұмыс ұйымдастырылмады.

Үстіміздегі жылы облысымызда 33 пионер лагері жұмыс істейді. Онда 4000 адам дем алады.

Көптеген комсомол ұйымдары мұғалімдермен, аға пионер вожатыйларымен бірлесіп отырып, оқушылармен жазғы демалыс күндерінде істелетін жұмысты жоспарлап қойды. Мәселен, қаладағы № 44 орта мектептің оқушылары ағаш питомнигінде, қаладағы өнеркәсіп орындарында және басқа жерлерде болады. Әр экскурсия арнаулы мақсатқа сай өткізіледі. Сонымен қатар, оқушылар түрлі үйірмелер мен спорт секцияларына қатысып, ұйымдасқан түрде киноға, театрға барады, кітап оқушылар конференциясын өткізіп, оқу-тәжірибе участогіндегі өсімдіктерді күтеді, күн сайын пайдалы, қызықты жұмыстармен шұғылданады. Сол сыяқты, қаладағы № 1, № 3, № 4, Қыялы, Смирнов, облыстың және басқа орта мектептері де оқушылардың жазғы демалысына тыңғылықты дайындалып, оны ұйымшылдықпен өткізуді жоспарлап отыр.

Дегенмен, оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға немқұрайлы қарап, оған мән бермей отырған мектептер де жоқ емес.

ҚЛКЖО аудандық комитеттері мен оқу бөлімдері оқушылардың жазғы демалысын тыңғылықты ұйымдастыру жөнінде мектептерге нақты көмек көрсетуге тиіс. Сөйтіп, оқушылардың жазғы уақытта дұрыс, көңілді дем алуын қамтамасыз ету керек.

З. МАЛАХОВА,

ҚЛКЖО облыстық комитетінің секретары.

Мемлекетпен есеп айырысуда

Октябрь ауданындағы Жалтыр ауылдық Советі өткен жылы салық жыйнау жөніндегі жоспарды 109 процент орындады. Ауылдық Совет үстіміздегі жылы да осындай табыстарға ие болып отыр. Мұнда ауылшаруашылық салығы бойынша аванс ретінде қаржы жыйнаудың жоспары бірінші тоқсанда 103 процент орындалды. Салық төлеушілердің 30

хозшы Н. Арқаев, Қ. Қалиақбаев, Е. Мұсабаев және басқалары бар.

Ауылдық Совет председатели Қ. Ақабев, салық агенті М. Дүйсенбаев жолдастар салық төлеушілер арасында үгіт-түсінік жұмыстарын ойдағыдай жүргізуде. Салық қаржыларын жыйнау жұмысын жақсы ұйымдастырғаны үшін аудандық финанс-банк қызметкерлерінің

Бейбітшілік Шарты үшін!

ПАРИЖ, 21 май (СОТА). «Юманите» газеті бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресі қабылдаған қарарларды қолдауға арналған қозғалыстың кең өрістеп отырғандығын сыпаттайтын хабарлар жариялауда.

Құрамына коммунистермен бірге социалистер, радикалдар, МРП католик партиясының мүшелері, «тәуелсіздер» және РПФ деголшылар партиясының мүшелері кіретін ЭН департаментінің бас советі бірауыздан үш қарар қабылдаған. Бірінші қарарда бас совет бес ұлы мемлекет арасында Бейбітшілік Шартын жасасу мақсатымен келіссөздер жүргізу жайындағы бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресі комиссиясының хатына француз үкметінің мақұлдап жауап беруін талап еткен. Басқа қарарларда герман мәселесін бейбітшілік жолмен шешудің және Корея мен Индо-Қытайдағы соғысты дереу тоқтатудың қажеттігі айтылған.

Теңіз жағасындағы Альпы және Од департаменттерінің бас советтері, Валлорис қаласының (теңіз жағасындағы Альпы департаменті) және Брюнуа елді пунктінің (Сена және Уаза департаменті) муниципалдық советтері де осындай қарарлар қабылдаған. ПТИ — Кевий қаласында (Төменгі Сена департаменті) 800-ден астам тұрғын адамдар бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресі үндеуіне мақұлдап жауап беруді талап етіп, Францияның министрлер советі председателине жолдаған бейбітшілікті қорғаудың жергілікті советінің хатын мақұлдады.

Француз соғыс тұтқындарының советі герман мәселесі жөнінде төрт ұлы мемлекет өкілдерінің кеңесінің шақырылуын талап етті.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 21 май (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі 21 майда былай деп хабарлады:

Өткен күні майдандарда ешқандай өзгеріс болған жоқ. Барлау әрекеттері жүргізілді.

Кеше түнде «В—29» американ бомбардировщиктері Оңтүстік Пхенан провинциясының Тэдон уезіндегі бейбіт елді пункттерге шабуыл жасап, 600-ден астам бомбалар тастады. Көптеген шаруалар қазаға ұшырап, көптеген үйлер мен жер үйлер қыйратылды.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері дұшпанның бір самолетін атып түсірді.

лы еңбекпен жауап бере отырып, оны егіншілерінің ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алудың жауапты кезеңі — көктемгі егісті агротехникалық қысқа мерзімде өткізу күресінде қол жеткен табыстарын, облыстың совхоздарының басым көпшілігі, сондай-ақ, бірінші қолхоздар көктемгі егісті агротехникалық қысқа мерзімде аяқтағанын хабарлады. Бірқатар жерлерде пар жырту жұмысы қызу жүргізіліп жатқанын айтты.

— Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында егін шаруашылығын оған әрі өркендету міндетіне облыстың озат шаруашылықтарының қосқан үлесі осындай, — деп, үгітші өз колхозының жұмыс жайына талдау жасады. — Рас, біздің колхозда көктемгі дала жұмыстарын үгітлі өткізу жөнінде қажырлы еңбек етіп жүрген механизаторлар мен колхозшылар

көктемгі егісті тез аяқтау жөнінде зор сенім білдірді.

Әңгімеден кейін механизаторлар жаңа жігермен еңбекке кірісті. Үгітші колхоз басқармасына трактор бригадасы мүшелерінің орынды талантарын хабарлады. Келесі күні трактор бригадасына жанар май тасу үшін қосымша бір көлік бөлінді. Сеулбаларға тракторларды тоқтатыстан тұқым салу ұйымдастырылды.

Осының нәтижесінде № 6 трактор бригадасы көктемгі егіс жұмыстары кезіндегі тапсырмасын толық орындап шығып, қазір № 5 трактор бригадасына көмек көрсетуде.

Үгітші комсомолмен Қазбек Зағыпаров жолдастың соңғы бір әңгімесінің әсері мен нәтижесі осындай.

Т. КӘДІРОВ,
Совет ауданы, Молотов атындағы колхоз.

лардың программалық материалды тереңілеуге тиісті салық сомасын кәзірдің өзінде төлеп болды. Олардың ішінде коммунист Д. Оқунов, Ж. Бекішов, колхоз

Қ. ЖАЗИН.

Насихатшылардың кеңесі

Жақында қалалық партия комитеті насихатшылардың бір күндік кеңесін өткізді. Кеңеске қатысушылар партия оқуы орындарында оқу жылын аяқтауға әзірлік туралы ҚКШ облыстық комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі Рымжанов жолдастың баяндамасын тыңдады.

Мұнан кейін насихатшылар үшін «Совет Одағының Коммунистік партиясы — совет халқының басшы және бағыт беруші күші» деген тақырыпта лекция оқылды.

кәсіподақ ұйымы Дүйсенбаев жолдасты құрмет тақтасына жазды.

Қ. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.

МӘДЕНИ-ҮГІТ БРИГАДАСЫ

Преснов аудандық Мәдениет үйінің жанынан құрылған мәдени-үгіт бригадасы бұл күндері аудан колхозшыларын мәдениетті қамтуда. Оның құрамында көркемөнершілер, үгітшілер, баяндамашылар бар. Мәдени-үгіт бригадасы ҚЛКЖО аудандық комитетінің секретары Новоселов жолдас басқарады.

Мәдени-үгіт бригадасы 15 колхоздың мәдениет қостарында болып, егіншілер

АҒАШ ОТЫРҒЫЗУДЫ АЯҚТАДЫ

Соколов аудандық орман шаруашылығы бөлімінің қызметкерлері көктемгі ағаш отырғызу маусымына үлкен дауындақпен кірісті. Олар 68 гектар жер

ге бірнеше рет концерт берді. СОКП XIX съезінің материалдары, халықаралық жағдай және басқа тақырыптарда лекциялар оқып, баяндамалар жасады. Бригада жергілікті жерлерде үгіт-көпшілік жұмыстарын жүргізуге де көмектесіп отырады. Жауынгерлік листоктар мен бригадалардың қабырға газеттерін шығаруға көмектеседі.

ге қайың, қарағай, акация және басқа ағаштар отырғызды. Ағаштарды отырғызу кезінде Лысенко, Ғабитов, Маслоев және басқа жолдастар күндік нормасын 120—150 процент орындап, еңбек үлгілерін көрсетті.

Ағаш отырғызушыларға Соколов орта мектебінің оқушылары үлкен көмек көрсетті. Олар тек бір күннің ішінде 2,5 гектар жерге акация отырғызды.

БАҚШАШЫЛАР ЗВЕНОСЫ

Каганович атындағы ауылшаруашылық артелінде (Қонохов ауданы) құрамында 18 адамы бар арнаулы бақшашылар звеносы құрылды. Звеноны колхозшы А. Ковалева жолдас басқарады.

Бақшашылар звеносы 16 гектар жерге қызылша және басқа мәдени дақылдар екті. Бұл күндері бақшашылар осы екен мәдени дақылдарды ұқыпты күтуде.

ФИНЛЯНДИЯДА ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ХЕЛЬСИНКИ, 21 май (СОТА). Туркудегі «Крейтон-Вулкан» верфі жұмысшыларының 18 майда басталған ереуілі әлі болуда. Кеше ереуіл жасаушыларға жұмысшылардың жаңа топтары келіп қосылды.

Верфь жұмысшыларының көпшілігінің ереуілге қосылғанына қарамастан, өздерінің праволарын қолдаушы жұмысшылардың біртұтас майданын жұмыстан шығарумен қорқытып, ыдыратуға әрекеттенуші өнеркәсіп иелері жұмысшылармен келіссөздер жүргізуге келіспей отыр.

«Крейтон—Вулкан» верфі жұмысшыларының күресі елдің басқа кәсіпорындарының еңбекшілерінен қолдау табады. Туркудегі «Хухтамяки» концернінің орталық жөндеу мастерскойларында жыйналыстар болып, онда жұмысшылар «Крейтон-Вулкан» верфінің ереуіл жасаушы жұмысшыларымен өздерінің ниеттестіктерін білдірісті. Ереуіл жасаушылардың пайдасына өздерінің бір сағаттық жалақыларын жыйнап, мұнан былай да оларға көмек көрсетіп тұратындығына оларды сендірді.

КАНАДАДА ҚЫМБАТШЫЛЫҚТЫҢ ӨСУІ

ОТТАВА, 21 май (СОТА). «Ситизен» газеті Оттавада жақын арада піскен нанның бағасы, шамамен алғанда, 5 процент қымбаттайтын болады деп хабарлады.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Электр агрегатпен қой қыркуды ұйымдастырудың озат тәжірибесі кеңінен қолданылсын

Коммунистік партияның XIX съезі қорамдық маалды оған сайын көбейтп, мұнымен бірге оның өнімділігін арттыруды қоғамдық мал шаруашылығының қызметкерлері алдына басты міндет етіп қойды. Оның ішінде бесжылдықта бизы жүннің және жартылай бизы жүннің өнімін едәуір арттыру көзделеді.

Қой шаруашылығы негізгі орын алтын Қазақстанның мал шаруашылығында жүннің өнімін арттыру, оның еснасын жақсарту, сондай-ақ қой қыркуды механикаландыру мәселелерінің ерекше маңызы бар. Бұған байланысты Жамбыл облысындағы механизаторлар мен малшылардың электр агрегатпен қой қыркуды жақсы ұйымдастырудағы тәжірибесі ерекше көңіл бөлуді керек етеді. Өткен жылы Жамбыл облысында электр агрегатпен қой қыркудың жоспары 190 процент орындалды. Байқадам және Фурманов машина-малшаруашылық станциялары, Қостоган, Көктерек, Ново-Тройцк, Успен және Қарақоңыз МТС-тері қой қырку жөнінде өздеріне берілген тапсырмаларды екі еседен аса асырып орындады. Облыста әрбір электр агрегат орта есеппен 4 мыңнан астам қой қырықты.

Қой қыркуды ұйымдастырудың жана әдісін енгізу — ірілендірілген пункттер құру — қой қыркушылардың еңбек өнімділігінің артуын, бұл жұмысты орындау мерзімдерінің қысқартылуын қамтамасыз еткен негізгі шарттардың бірі болды.

Қойды ірілендірілген пункттерде қырку агрегаттарды неғұрлым өнімді және тиім-

ді пайдалануға мүмкіншілік туғызады, агрегаттардың техникалық қажетін өтеуді жақсартып, жүннің орынсыз ысырап болуына жол бермейді, жүннің алынуын және мемлекетке тапсырылуын дәлме-дәл есептеп отыруға мүмкіншілік туғызады. Ірілендірілген пункттердегі қой қыркатын электр агрегаттарының жұмыс өнімділігі дербес жұмыс істейтін агрегаттардың жұмыс өнімділігінен едәуір артық болатынын тәжірибе көрсетті. Қой қыркатын пункттерді ірілендірмеген Шу, Ново-тройцк, Қазан, Бұрныл және Көктерек МТС-терінің қамтуындағы колхоздарда әрбір электр агрегат орта есеппен 3.000—4.000 қой қырықты.

Жамбыл облысы, Мерке ауданының Талин атындағы колхозында Қостаған МТС-нің механизаторлары электр агрегатпен қой қыркуды 1951 жылдың өзінде өткізді. Ол кезде агрегаттар бір-бірінен өте қашық болатын. Олардың жұмыс өнімділігі өте кем болды. Әрбір қырықшы күніне 45 қой қыркуға тиісті болса, іс жүзінде бұл тапсырманы небәрі төрттің біріндей орындайтын. Әр қойдан орта есеппен 1,8 килограмм жүн алынып.

Өткен жылы Сталин атындағы колхозда, орталық усадьбадан 35 километр жерде қой қыркатын ірілендірілген пункт құрылды. Бұл пунктте төрт электр агрегат, қой қыркатын столдар, жүн іріктейтін столдар, қанарға жүн толтыратын механикалық престер орнатылды, складтар жасалды, қызыл мүйіз, асхана

ашылды. Қойдың отарларын пунктке арнаулы график бойынша айдап әкеліп тұрды, шонандар бригадалары бұл графикті жақсы білді. Сөйтін агрегаттардың жұмыссыз қарап тұруына мүмкіндік қалдырылмады.

Механизаторлар колхоздың 20 мың қойын 9 жұмыс күні ішінде қыркып болды. Орта есеппен әрбір қойдан 3,3 килограмм, ал асыл тұқымды қой фермасында 3,8 килограмм жүн алынды. Мемлекетке тапсырылған меринос қойының жүнінен және жартылай бизы жүннен колхоз 1.300 мың сом табыс және 200 мың сомнан астам сыйлық алды.

Қой қырку — қырықтықшылардың жұмысын және демалуын дұрыс алмапп отыруды талап ететін, еңбекті көп керек ететін жұмыс. Ұзақ уақыт тоқтаусыз жұмыс істеу жұмыс күнінің алғында қырықтықшылардың еңбек өнімділігін екі есе дерлік кемітетінін, ал еңбекті дұрыс ұйымдастырғанда, еңбек өнімділігі кемімәйтін тәжірибе көрсетті.

Байқадам машина-малшаруашылық станциясында қой қыркушы бригадалар үшін, көктемгі маусымға арнап, жұмыс күнінің мынадай тәртібі белгіленді: сағат 6-дан 9-ға дейін қой қырылады, онан кейін тамақтануға бір сағат үзіліс жасалады. Тамақтанғаннан кейін 13 сағатқа дейін қой қырылады, онан кейін 15 сағатқа дейін түскі тамаққа тоқталады. Түскі тамақтан кейін 2 сағат бойы қой қырылады, жарты сағат демалыс жасалады, мұнан кейін тағы да 19 сағат 30 минутқа дейін қой қырылады. Мұнан кейін қой қырылатын пунктті жыйнастыруға және агрегаттарды баптауға 1 сағат уақыт бөлінеді. Күздікүні жұмыс таңертеңгі сағат 7-де басталып, 20 сағат 30 минутқа аяқталады, түскі тамаққа тоқ-

талатын уақыт 1 сағатқа дейін қысқартылды.

Байқадам машина-малшаруашылық станциясындағы электр агрегаттардың озат басшылары — Өмірбеков, Елеуқұлов, Кудашевич, Айтбеков жолдастар өз бригадаларының жұмысын күн сайын жоспарлап отырды. Жұмыс күні аяқталғаннан кейін агрегаттың бастығы, агрегатты тәртіптестіріуші нұсқаушы және есепші қой қыркушылардың жұмыс өнімділігін есептеп, келесі күнге тапсырма белгілейді. Мұнда әрбір қырықтықшының іскерлігі, қабілеті есепке алынады. Жұмыстың қорытындысы және алдағы күнге тапсырма бригаданың өндіріс кеңесінде талқыланады.

Мұндай есеп және бақылау, сол сияқты, агрегаттардың коллективтері мен жеке қырықтықшылар арасында социалистік жарыстың кең өрістетілуі машина-малшаруашылық станциясында әрбір агрегаттың күніне кемінде 1.300 қой қыркуын қамтамасыз етті.

Еңбекті ұйымдастырудың озат тәртіпті формаларын қолданумен қатар, қойды қырку алдынан тоғыту жүннің көп алынуына және сапасының артуына едәуір көмектеседі. Қойды тоғыту қырықтықшылардың еңбек өнімділігін 20—25 процент арттыратынын, қырықтықтар мен тарактардың тозуын 3—4 есе кемітетінін, әрбір қойдан жүн алуды 40—50 грамм арттыратынын, жүннің сапасын жақсартатынын тәжірибе көрсетті.

Қой қырку жұмысында еңбекті ұйымдастырудың озат әдісін қолданған Жамбыл механизаторларының бағалы бастамасы республиканың мал шаруашылықтарының бәрінде кеңінен таратылуға тиіс.

Б. КУДРЯШОВА,

Инженер-механик.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ

партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және

АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33,

корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар

бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.